

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ НАУЧНЫЕ РАБОТЫ МОЛОДЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

ӘОЖ 9.910

Есембек С.Ә.,

география педагогтерін даярлау мамандығы,

2 курс, магистрант,

А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Сергеева А.М.,

география ғылымдарының кандидаты,

қауымдастырылған профессор

К.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе қаласы

ЕЛТАНУЛЫҚ БІЛІМДІ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯДАН ПРАКТИКАҒА

Түйін

Мектеп географиясындағы елтану туралы білім өзінің жетілдіру кезеңінен өтуде. Еліміздің оқу бағдарламасында «Елтану» жеке пән ретінде оқытылмайды, ол география ғылымының бір саласы болғандықтан негізгі мектепте (7-9 сынып) және жоғары мектепте (10-11 сынып) жеке бөлім ретінде оқытылады. Елтану қандайда бір елдерді кеішенді сипаттауда қолданылатын география ғылымының бір саласы ретінде қарастырылады. Елтану туралы әдістемелік құралдардың негізі И.М. Маергойз, Я.Г. Машибиц және Н.С. Мироненко сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп жасалынған.

Елтануды интеграцияланған география ғылымының бір саласы ретінде қарастыруға болады, себебі ол гуманитарлық, әлеуметтік, экономикалық және саяси ғылымдармен ұштасады. Аталмыш мақалада еліміздің білім беру жүйесіндегі қазіргі елтанулық білімнің оқу үрдісіне қалай енгізілгендігі, жаңартылған білім беру мазмұндағы оқу бағдарламасының енгеніне орай тәжірибеге негізделіп оның артық және кем тұстары сөз болады.

Кілт сөздер: елтану, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы, тәжірибе, шиыршықтық оқыту.

1. Кіріспе

Мектеп географиясындағы елтану ұзақ уақыт бойы география оқу бағдарламасында маңызды орынға ие болған. Н.Н. Баранский алғашқы кеңестік экономикалық география оқулығының негізін қалаушысы ретінде аймақтық елтану қағидасын қарастырып, оны үш тағанға бөлген: табиғат, халық және оның шаруашылығы. Мұндай тәсіл белгілі бір аумақтың (аймақ, ел, аудан, жер) табиғаты, халқы және оның экономикасы туралы ақпаратты қарапайым және табиғи түрде синтездеуге, қоғам мен табиғат арасындағы тұрақты «зат алмасуды» зерттеуге мүмкіндік береді. Ол оқу материалын бейнелі және эмоционалды қабылдау үшін, ең бастысы – «аймақтың орнын» түсіну үшін ең қолайлы мүмкіндіктерді қарастырды [2].

Елтанудың мақсаты – әлемдегі әрбір елді нақты зерттеу;

Елтанудың нысаны – елдер әлемнің қоғамдық-саяси ұйымының негізгі бірліктері, олардың үлкен бөліктері (аймақтары) мен аймақтық топтамалары;

Елтанудың міндеті:

- аймақтың бейнесін жасау, өзіндік ерекшеліктерін анықтау;
- елдің әлеуметтік және табиғи сипаттағы аумақтық элементтерінің өзара
- әрекеттесуінің нәтижесінде елдің кеңістіктік ұйымының (құрылымының) ашылуы;
- әлем туралы білімдерін қалыптастыру [1].

Ұзақ уақыттан бері елтану ғылымы көптеген қиындықтарды бастан кешкен. Елтану туралы бірегей монографиялар мен ғылыми еңбектер күнен күнге азаюда. Я.Г. Машбицтің 1998 жылы жарық көрген «Кешенді елтану» атты ғылыми еңбегі елтану ғылымындағы үлгілі әдебиеттердің бірі болды [3].

Н.Н. Баранскийдің елдің табиғаты, халқы және шаруашылығы деген үш таған қағидасы елтануды оқып зерттеудің заңдылығы деп қарастыру қажет, себебі бұл елтануды кешенді тұрғыдан зерттеуге қолайлы және оқушыларға елтану туралы білімдерді жеткізуде бірізді қағида деп қарастыруға болады.

2. Материалдар мен әдістер

Елтанулық білімді жетілдіруде көптеген әдіс-тәсілдер баршылық. Олардың көбі география ғылымының аясын кеңейтеді және елтанудың кешенділігін сақтайды. Атап айтатын болсақ олар:

- ✓ хорологиялық (кеңістік);
- ✓ хронологиялық (уақыт);
- ✓ аналитикалық зерттеу;
- ✓ сауалнама. т.б.

Хорологиялық әдіс география ғылымының барлық қызметін біріктіреді. Барлық географтар хорологиялық әдісті саналы түрде ғылымды қалыптастырушы фактор ретінде таниды. Хорологиялық әдіс елтану ғылымын кешенді зерттеу қағидасымен тығыз байланысты [3].

Уақыт кеңістігінде даму тенденциясына байланысты келесі үрдістердің өзара сабақтас-тығы байқалады: интеграция және дифференсация. Бұндай үрдістердің байқалуы елтану география ғылымының аясында басқа ғылымдармен тығыз байланысып интеграцияланады және ол күрделенген сайын әртараптанып дифференсацияланады, яғни жіктеле береді.

Елтануды оқып зерттеуде келесі ұстанымдарды басшылыққа алған жөн:

- сыртқы әлемге қатысты өз позициясын көрсете отырып, өз еліңді басқалармен салыстыру;
- оның ішкі кеңістіктік құрылымын ашу (негізгі бөліктер, фокустар, осьтер);
- ішкі және сыртқы әлемдердің түйісуін және осы түйісулерде пайда болатын мүмкін құрылымдарды зерттеу.


Елтанудың бағыттары:

- физикалық-географиялық бағыт (табиғатты адам өмірімен, оның өмір сүру жағдайымен ажырамайтын байланыста сипаттайды);
- экономикалық-географиялық бағыт (аумақтық ұйымға байланысты экономиканың негізгі секторларының жетекші мамандануы арқылы экономика мен халықты қарастыру);
- жеке елді кешенді елтану.



Сурет 1 География курсына қалыптасқан кешенді елтану дағдыларының ескі жүйесі

Елтанудың қағидалары: кешенділік, генетикалық, гуманистік, экологиялық т.б. Елтану бұл кешенді ғылым. Оның кешенділігін сипаттау үшін синергетикалық зерттеу әдіс қолданылады және ол ішкі аймақтық және макроаймақтық деген деңгейлерге ажыратылады. Кешенді елтану география ғылымының тұтастығын сақтайды, географиялық емес болып табылатын экономика, әлеуметтану, мәдениеттану сынды ғылымдар туралы ақпараттарды байытады. Кешенді елтанудың міндеттері ол фактілерді сипаттау және болжау. Төмендегі суретте география курсына қалыптасқан кешенді елтану дағдыларының ескі жүйесі және география курсына қалыптасқан негізгі елтану дағдылары көрсетілген (сурет 1, 2).



Сурет 2. География курсына қалыптасқан негізгі елтанулық дағдылар жүйесі

3. Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығына 16-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 205-қосымшасына сәйкес «Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын» және 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 199-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 417-қосымшасына сәйкес «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» бекіткен.

География оқу пәні бойынша оқу жүктемесі 7-9 сыныптарда аптасына 2 сағаттан жылына 68 сағатты құрайды. Бізді қызықтырып отырған негізгі мектептегі «Елтану» бөлімінің мазмұны «Елтану және саяси география негіздерімен» деген атаумен берілген. Бұл бөлім жалғыз «Дүниежүзі елдері» деген бөлімшеден тұрады. Пәннің 7-сыныпқа арналған базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады: дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы, дүниежүзі елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайы, 8-сыныпта ол, дүниежүзінің саяси картасы, елдердің саяси типологиясы, саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер, дүние жүзі елдерінің саяси-географиялық жағдайы, саяси интеграция, Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары, 9-сыныпта ол, елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы, халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары, Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы, Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер, Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары [4].

Жалпы мектептегі жаратылыстану-математикалық бағыттағы «География» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 10-сыныпта – аптасына 4 сағатты, оқу жылында 136 сағатты, 11-сыныпта – аптасына 4 сағатты, оқу жылында 136 сағатты құрайды. «Елтану» бөлімі «Дүниежүзі аймақтары» және «Елдерді салыстыру әдістемесі» деген бөлімшелерден тұрады. Оқу пәнінің 10-сыныпқа арналған базалық білім мазмұны: кешенді географиялық аудан-

дастыру; дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері; салыстырмалы елтану, ал 11-сыныпта ол дүниежүзін аймақтарға аудандастырудың қолданбалы аспектілері; дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны; елдері салыстыру әдістері; дүниежүзі елдерінің салыстырмалы көрсеткіштері; дүниежүзі елдерін халықаралық салыстырулардағы Қазақстанның орны; өмір сүру деңгейін жоғарлатудағы азаматтың рөлі; қолданбалы елтанудан тұрады.

Бағдарламада оқу мақсаттары қолдануға ыңғайлы болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.1 кодында: «10» – сынып, «2.1» – бөлімше; «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі. Ұзақ мерзімді жоспар бойынша «Елтану» бөліміне 7-сыныпқа 2, 8 сыныпқа 5, 9 сыныпқа 5, 10 сыныпқа 2, 11 сыныпқа 5 тақырып бөлінген (кесте1) [5].

Ал тақырыптар бойынша сағаттар санының мұғалім оқушылардың білім деңгейін, тақырыпты меңгеру қабілеттерін, зияткерлік ерекшеліктерін ескере отырып өзі реттей алады. Тақырыптарды сағаттар санына жоспарлаған кезде мұғалім мақсаттардың күрделілігіне қарай өзі біріктіре немесе қосып бірге бере алады. Бұл оқу жылының ішіндегі күнтізбелік тақырыптық жоспарды жоспарлаған кезде ыңғайлы болуы үшін жасалынған. Әр педагог өз пәні бойынша оқу жылына жаңадан шығатын Ы.Алтынсарин атындағы академия әзірлейтін «Әдістемелік нұсқау хатты» басшылыққа алуы тиіс. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының басты ерекшелігі оқу материалын шиыршықтық әдіспен ұсыну, яғни оқу материалы сыныптан сыныпқа күрделене түседі және оқу материалын меңгеру үшін «Блум таксономиясының» ойлау деңгейлеріне сәйкестендірілуі тиіс.

1 кесте «Елтану» бөліміне бөлінген тақырыптар және оқу мақсаттарының саны

Сынып	Бөлімше	Тақырып саны	Оқу мақсаттарының саны
7	Дүниежүзі елдері	2	6
8		5	6
9		5	5
10	Дүниежүзі аймақтары	1	3
	Дүниежүзі елдері	1	6
11	Дүниежүзі аймақтары	2	4
	Дүниежүзі елдерін салыстыру	3	6

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұндағы бағдарламаның енгеніне 4 жылдан асты. Осы жыл аралығында география пәні бойынша «Елтану» бөлімінің оқу мақсаттарын білім алушылар қалай меңгергенін, қандай қиындықтар туғанын немесе қандай жетістіктер бар екендігін анықтауға болады. Мектептердегі мұғалімдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай «Елтану және саяси география негіздерімен» бөлімі үшін бөлінген тақырыптар саны тым аз және бұл салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ, аталмыш тақырып осы күнге дейін тек 10, 11 сыныптарда бір оқу жылына арнап берілген және оны меңгеру үшін кешенді түрде оқу материалдары ұсынылып отырған. Ал жаңартылған білім беру мазмұны бойынша аталмыш бөлім үшін негізгі мектепте максималды тақырып саны тек 8 бен 9 сыныпта ғана 5 тақырыпқа ықшамдалып берілген. Бұл «Елтану және саяси география негіздерімен» деген бөлімді меңгеруге тақырып саны да, сағат саны да өте аз.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі әзірлеген «География» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында «Дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу» деп пәннің мақсатын анық әрі нақты белгілеген [4].

Міне оқушылар әлем елдерінің тұтас бейнесін қабылдап, алған білімін дұрыс қолдана білуі мен географиялық мәдениетті қалыптастыру үшін 4-5 тақырып немесе сағат көлемінде меңгеріп кету өте қиын.

Елтану география ғылымының бір саласы болғандықтан оның да зерттеу нысаны ауқымды және кешенді болуы қажет. Егер де тұтастай бір бөлімді алып қарастыратын болсақ, талқылау аясы ұзаққа да созылуы мүмкін. Барлығы да түсінікті болуы үшін біз, аталмыш бөлімдегі бір тақырыптың қалай шиыршықтық әдіспен сыныптан сыныпқа жалғасатынын, төрт жылдан астам уақыт ішінде осы бөлімнің алғашқы тақырыбы мысалында ол қалай оқушыларға меңгерілгендігін, яғни оқу мақсаттары қалай бағындырылғандығын, педагогтер оны қалай жүзеге асырғандығын мысал ретінде қарастырамыз (сурет 3).



Сурет 3 «Елтану» бөліміндегі «Дүниежүзі елдері» тақырыбының шиыршықтық әдіспен берілуі

Мектептегі мұғалімдер жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасын тәжірибеге енгізу үшін министрліктің ұсыныстары бойынша Ү.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның (Дербес білім беру ұйымы), «Өрлеу» БАИ-дың (Біліктілікті арттыру институты) әдістемелік нұсқаулықтарды, оқу бағдарламасын, ОЖ-ны (оқу жоспар), ҰМЖ-ны (ұзақ мерзімді жоспар) ОМЖ-ны (орта мерзімді жоспар) ҚМЖ-ны (қысқа мерзімді жоспар), ҚБ жинағын (қалыптастырушы бағалау жинағы), БЖБ жинағын (бөлім бойынша бағалау), ТЖБ жинағын (тоқсандық жиынтық бағалау) басшылыққа алады. Педагогтер жоғарыда аталған құжаттарға сүйеніп өзінің сабағын жоспарлайды және озық педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін сапалы және үздіксіз етеді.

Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес 7 сыныптағы «Елтану және саяси география» бөлімінің алғашқы тақырыптың бірі: «Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы» деп аталады. ҰМЖ-ға сәйкес келесідей оқу мақсаттары ұсынылған:

7.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастырады;

7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды [4].

Үлгілік оқу бағдарламасы педагогке бір тақырыпқа екі мақсат ұсынып отыр, ал бұл орайда мұғалім сағат санын өзі балалардың жас және зияткерлік, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып ықшамдайды, дегенмен де дайын сағаттар санымен реттелген күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар үлгі түрінде де беріледі. Жаңартылған бағдарлама бойынша мұғалім нақты бір оқулықпен бір оқу жыл бойы айналыспайды, педагог қосымша әдебиеттерді, ғылыми журналдарды, ғаламторлардағы ақпараттарды пайдалану арқылы оқу мате-

риалдарын ұсынуы тиіс, яғни ауқымы кең болуы қажет. Мысал ретінде 7 сынып географиясындағы «Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы» деген тақырып оқушыларға түсінікті болуы үшін «Географиялық жағдай», «Физикалық-географиялық жағдай» деген алғашқы ұғымдарға анықтама береді. Сонымен қатар елдердің географиялық жағдайын сипатау үшін келесі пунктерден тұратын жоспарды ұсынады:

1. Елдің атауы;
2. Материктегі мемлекеттің орналасу жағдайы;
3. Аумақтың ауданы;
4. Қай жерде және қай елдермен шегаралас болып келеді;
5. Қандай теңізбен шектесіп жатыр;
6. Шеткі нүктелері және олардың географиялық координаттары;
7. Елдің астанасы және оның географиялық координаты;
8. Елдің географиялық жағдайы туралы қорытынды.

Сонымен қатар көрнекі түрде елдердің географиялық жағдайы бойынша жіктелуін «аралда орналасқан», «түбекте орналасқан», «архипилагта орналасқан», «кұрлық ішінде орналасқан» елдер деп кетсе түрінде қысқаша ұсынады [6].

Беріліп отырған оқулықтың бір артықшылықтарының бірі – тақырып соңында блум таксономиясына негізделіп құрастырылған тапсырмалар жинағының болуы. Мысалы «Бағалау» дағдысындағы «Сенің ойыңша, елдердің географиялық жағдайы келешекте өзгерістерге ұшырауы мүмкін бе?» деген сұрақ оқушыға әлемнің саяси картасын визуалды түрде елестету арқылы неге және қалай өзгерістерге ұшырауы мүмкін деген сұрақтарға жауап алуға итермелейді және оның тетіктерін, себептерін қарастырып аргументтер келтіруге итермелейтін керемет тапсырмалар десек те болады. Блумның жоғары деңгейдегі тапсырмалары оқушының ақпаратты өз бетімен іздеп қана қоймай оны дұрыс және керек жерде ұтымды қолдана білу, дәлелдер мен аргументтер, фактілер негізінде өз ойын еркін, ашық жеткізу болып табылады. Мұғалім ретінде өз тәжірибемде осы тақырыптың мақсатына жетуі үшін сын тұрғысынан ойлау технологиясының ББҰ (білемін, білгім келеді, үйрендім) стратегиясын қолдандым және күткен нәтижеге қол жеткіздік. Оқушылар аталмыш стратегияға сүйеніп сабақ басында елдердің географиялық жағдайы туралы өздері не білетінін айтады, елдердің географиялық жағдайлары қалай сипатталатынын, қандай факторларға байланысты өзгеруі мүмкін және ол уақыт кеңістігінде қанша уақытта өзгеруі мүмкін деген болжамдар жасайды, яғни түрткі болатын сұрақтар туындайды. Сөзсіз бұндай тапсырмалар топтық жұмыста сәтті жүзеге асады. Сабақтың соңында рефлексия жасау үшін оқушылар ББҰ кестесінің соңғы бағаны «Ү» не үйренгенін жазады немесе ауызша айтады. Міне осындай әдіс-тәсілдер арқылы сабақтың мақсатына жетуге болады. Әрине бұл бір ғана педагогикалық технология арқылы ұйымдастырылған сабақ. Сабақтың мақсатына жету бірінші кезекте ол мұғалімнің дайындығына байланысты екені сөзсіз. Аталмыш тақырып 7 сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және оқу мақсаты да дұрыс дифференсацияланған деп педагогтер тұжырымдайды.

8 сыныпта аталмыш бөлімнің алғашқы тақырыптардың бірі «Дүниежүзінің саяси картасы» деп талады және оған «8.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын сипаттайды» деген бір оқу мақсатын ұсынып отыр. 8 сынып географиясындағы бұл тақырыпты меңгеру үшін «Дүниежүзінің саяси картасы», «саяси география», «саяси картаның басты нысандары», «тәуелсіз мемлекеттер», «тәуелді аумақтар», «мәртебесі анықталмаған аумақтар», «танылмаған мемлекеттер» деген ұғымдарды ұсынады [4].

Тақырып төңірегінде «саяси география нені зерттейді, оның негізін кім қалады?» деген сұрақтарға жауап алуға болады. Сонымен қатар оқу материалында дүниежүзінің қазіргі саяси картасының нысандары қатарына мемлекеттік мәртебесі рәсімделген және рәсімделмеген елдер мен аумақтар жатады. Олар басты 3 топқа бөлінеді:

✓ мемлекет мәртебесі рәсімделген, халықаралық деңгейде танылған тәуелсіз мемлекеттер;

- ✓ дербес басқару мәртебесіне ие болмаған тәуелді аумақтар;
- ✓ тәуелсіздігі танылмаған елдер мен мәртебесі анықталмаған аумақтар деп жіктейді

[7].

Аталмыш тақырып 8 сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді бірақ, үлгілік оқу бағдарламасындағы ҰМЖ бір ғана оқу мақсатын ұсынып отыр, яғни бұл тақырыпты меңгеруге сағат санының аз екендігін айқын көруге болады. Себебі тақырып өте ауқымды 8 сыныптағы оқушылар бұл тақырыпты меңгеруі үшін оқу мақсаттарының санын көбейту қажет.

9 сыныптағы қарастырып отырған бөлімнің бірінші тақырыбы «Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы» деп берілген және оған «9.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырады» деген бір ғана оқу мақсатын ұсынған [4].

9 сынып географиясындағы оқулықта 1990 жылдың басына дейін экономикалық даму деңгейі бойынша елдерді орталықтандырылған жоспарлы экономикалы елдер (социалистік елдер), нарықтық экономикалы елдер (дамыған капиталистік елдер) және көп құрылымды экономикалы елдер (дамушы елдер) деп жіктейді. Социализмнің әлемдік жүйесі таратылғаннан кейін БҰҰ сарапшылары жаңартқан келесі классификацияны ұсынады: дамыған экономикалы (экономикасы дамыған елдер), дамушы елдер және өтпелі экономикалы елдер (жоспарлы социалистік экономикадан нарықтық капиталистік экономикаға өткен елдер) деген үш елдер тобын ажыратады [8].

Практик мұғалімдердің көбі бұл тақырыптың өте ауқымдылығын алға тартады себебі бір ғана тақырып пен бір ғана оқу мақсатының төңірегінде мұнша ақпаратты меңгеру 9 сынып оқушылары үшін қиынға соғады. Дегенмен де оқулықта әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелудің нақты классикалық үлгілерін ұсынады және оған аргументтер келтіреді.

Тәжірибеде көріп отырғандай тақырыпты меңгеру кезінде оқушылар келесідей қиындықтарға душар болған: ЖІӨ (Жалпы ішкі өнім) қалай анықталады және ол елдердің даму деңгейін жіктеу бойынша неге басшылыққа алынғандығы, дамушы елдердің экономикасының негізгі құрылымы бойынша «Азияның жаңа индустриалды елдері», «Мұнай экспорттаушы елдер» сияқты ішінара неге олай жіктелген себептерін түсінбейді. Сонымен қатар оқу мақсаты қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастыру дегені оқушылар үшін түсініксіздеу. Керсінше біз Қазақстанның не себепті өтпелі экономикалы елдер тобына жататынын анықтауымыз қажет ал, оқу мақсаты керсінше құрастырылған. Біз әлем елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша классификациялайтындай деңгейге жеткен жоқпыз. Себебі оқу бағдарламасының мазмұнының өзі толық аяқталмаған және ол тәуелсіздік алған жылдардан бері бірнеше рет өзгерістерге ұшыраған. Осы оқу мақсаты оқушыларға не себепті Қазақстан өтпелі экономикалы елдер тобына кіретіндігін мүлде баяндамайды және оқулықтарда жалпы ішкі өнім туралы ақпарат ұсынылмаған. Сол себепті аталмыш тақырыпты оқушылар толық меңгеру үшін оқу мақсаттарының санын әлі де болса арттыру керек.


Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 сынып географиясындағы үлгілік оқу бағдарламасы ұсынып отырған ҰМЖ бойынша «Елтану» бөлімінің «Дүниежүзі елдері» бөлімшесінің алғашқы тақырыбы «Кешенді географиялық аудандастыру» деп беріледі. Осы тақырыпқа келесідей оқу мақсаттары ұсынылған:

10.6.1.1 – дүниежүзінің түрлі белгілер бойынша физикалық географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық, геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіру;

10.6.1.2 – кешенді географиялық және тарихи-географиялық аудандастырудың өз үлгісін ұсыну;

10.6.1.3 – дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде ұсыну [5].

10 сыныптағы тақырыптар саны мен оқу мақсаттар санын негізгі сыныппен салыстыратын болсақ, біршама жеткілікті деуге болады, себебі апталық оқу жүктемесі 4 сағатты құрайды. 10 сынып географиясындағы оқулықта дүниежүзін физикалық-географиялық аудандастыруды ресейлік географ Ю.Н. Гладкийдің үш сатылы жіктемесін ұсынған. Ал дүниежүзі елдерін тарихи-мәдени жітемесі ретінде ЮНЕСКО-ның (7), С.Хантингтонның (діни және географиялық негізде) және ресейлік ғалым В.В. Вольскийдің (12) еңбектерін алға тартады. Дүниежүзі елдерін саяси-географиялық аудандастыруда британдық ғалым, саясаткер Хэлфорд Джон Маккиндердің үлгісін ұсынады. Ғалым саяси тұрғыда дүниежүзін орталық, ішкі жарты ай және сыртқы жарты ай деп үш аймаққа жіктеген (сурет 4).



Сурет 4. Әлемнің геосаяси үлгісі (Х.Маккиндер бойынша)

Сонымен қатар осы тақырыпта оқушыларға «хартленд», «ішкі жарты ай», «сыртқы жарты ай», «геостратегиялық облыс» сынды глоссарийге ұғымдар берген. Бұл тақырыпта геосаяси теориялар оқушылар үшін тым қызықсыз және түсініксіз болып көрінеді. Тіпті оқулықта америкалық геосаясатшы С.Коэннің геосаяси аудандастыру бойынша әлемнің «көп полюстілігі» туралы анағұрлым күрделі геосаяси үлгісін ұсынады (сурет 5) [9].



Сурет 5. С.Коэннің геосаяси аудандастыруы

Зерттеу барысындағы тәжірибеде 10 сыныптағы оқушыларға жоғарыда аталған тақырыптардың мақсаттарын бағындыру қиынға соқты деп айтуға болады. Оның бірнеше себептері айқын байқалды:

✓ оқушылар дүниежүзі елдерін физикалық-географиялық аудандастыруда сатылай жіктемені қиын ұғынады, себебі артық әрі қажет емес ақпараттардың көптігі оқушыны әбден

шатыстыруы ықтимал. Бұл орайда аталмыш мәселені шешу үшін кешенді тәсілді қолданған жөн. Яғни нақты дүние бөліктеріндегі елдерді атап оның құрамындағы қандай физикалық-географиялық нысандар бар екенін саяси карта мен физикалық картаны ұштастыру арқылы түсіндірген әлде қайда түсінікті;

✓ оқушылар дүниежүзі елдерін саяси-географиялық аудандастыруда жоғарыда аталған ғалымдардың теориялары мен тұжырымдарын қиын қабылдайды. Себебі ғалымдар дүниежүзінің саяси картасын өз түсініктері бойынша әлем елдерін жіктейді, ал оқушылар болса ғалымдар әлем картасына сызып көрсеткен аймақтар түгіл кейбір елдердің саяси карталарын ажыратуда қиынға соғатыны ешкімге де құпия емес. Оның басты себептерінің бірі - қазіргі динамикалық түрде дамып келе жатқан ақпараттық заманда оқушылар өздерінің гаджеттері арқылы көрген ақпараттарды тек ашық әрі қанық түстердегі немесе әсерлі етіп берілгендерді ғана тез қабылдайды және ол, адамның миына ақпаратты тез жеткізгенімен ол ұзақ уақытқа шоғырланбайды. Міне мәсленің бәрі осында. Ал алған ақпарат тез әрі ұзаққа сақталуы үшін оқушы өз бетімен ізденіп, оны зерттеп, талқылап, салыстыру арқылы ғана нәтижеге қол жеткізе алады. Карта географияның тілі болғандықтан оқушылар әлемнің саяси картасындағы бейнеленген елдердің территорияларын кеңістікте елестетіп оны ажырата білуі қажет, алған білімдерін өмірде тиімді қолануы керек. Бұл орайда оқушылардың карталарды есте сақтау қабілеттерін күшейтуге функционалдық сауаттылық тапсырмалары көмекке келе алады.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11 сынып географиясындағы үлгілік оқу бағдарламасы ұсынып отырған ҰМЖ бойынша «Елтану» бөлімінің «Дүниежүзі елдері» бөлімшесінің алғашқы тақырыбы: «Дүниежүзі елдерін аймақтарға аудандастырудың қолданбалы аспектілері» және оған келесідей оқу мақсаттарын ұсынады:

- «11.6.1.1-дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіру;

- 11.6.1.2-ғаламдану жағдайында тарихи-мәдени аймақтардың өзгеруін зерттеу арқылы болжау» [5].

Аталмыш тақырыпта 11 сынып географиясындағы оқулықта қазіргі заманғы аймақтану парадигмасын негіздеген американдық географ Ричард Хартшорн мен американдық экономист Уолтер Айзард жетекшілік еткен ғалымдар тобының аймақтану ғылымына зор үлес қосқандығы туралы баяндалады. Сонымен қатар оқулықта дүниежүзін аймақтарға жіктеу үлгілерін салыстыру үшін кесте түрінде АҚШ географиялық мектебінің (әмбебап жіктеу), Мәскеу мемлекеттік университеті географтарының (өркениеттік жіктеу), Ю.Н.Гладкийдің (мәдени-тарихи жіктеу) және Ресей География институтының (геотарихи жіктеу) жіктеу үлгілерін ұсынған. Кестедегі жіктеу үлгілері бір-бірінен айырмашылақтар жасайды және кей тұстары ұқсас. Оқушылар берілген ақпаратты өңдеу барысында дүние бөліктерін мұнша аймақтарға жіктеп оны кеңістікте елестету, салыстыру және айырмашылықтарын табуда немесе ұқсастықтарын біріктіруде қиналады. Бұл дегеніміз әлемдік тенденцияда әлем елдерін жіктеудің әлі де болса ортақ жіктемесі жоқ екендігін көруге болады және әр ел өз ыңғайына қарай осы ғалымдар ұсынған жіктемені оқу бағдарламасына енгізуде. Оқушылар үшін ең түсініктісі БҰҰ-ның бүкіл әлем елдерін 7 геотарихи аймақтарға бөлуі, олар: еуропалық, араб-мұсылман, үнділік, қиыр шығыстық, тропіктік-африкалық, солтүстік америкалық және латын америкалық. Бірақ та осылай жіктеген күннің өзінде, оқушылар неге бұл аймаққа осы мемлекеттер кіретіндігін өздері ізденіп анықтап оған қандай факторлар әсер еткенін аргументтер келтіріп өз ойларын жеткізуі арқылы ғана біле алады. Сонда ғана оқушыларда зерттеушілік қабілеттері дамиды.

4. Қорытынды

Егер де біз балалардың алған білімдерін өмірде қалай қолдану керектігін қаласақ онда оны пәндердің аясында үлгі ретінде көрсетуіміз шарт. Ол үшін әр түрлі педагогикалық әдістер мен тәсілдер баршылық. Мысал ретінде жобалық жұмыстарды жасау, басқару үшін басшы болу немесе сарапшы болу, топтарда жұмыс, туристтік-елтанулық және экологиялық жұмыстардың мүмкіндіктерін қолдану т.б. Уақыт талабы бойынша біз өскелең ұрпақты жаңа

оқыту және тәрбиелеу әдістеріне үйретуіміз қажет. Біздің көз-қарасымыз бойынша жақсы әрі сауатты құрылған оқу бағдарламасы ғана әдістеменің жақсы жұмыс істеуіне ықпал етеді. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасын әзірлеушілердің пікірінше ол білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытады. Төрт дағды оқу жоспарында «шиыршықтық оқыту әдісімен» байланыстырылған. Шиыршықтық оқыту әдісі дәстүрлі оқыту әдісіне қарағанда оқу материалын сыныптан сыныпқа қайталап берген кезде ол күрделену арқылы қазіргі заманғы оқушының қабілеттерін дамытады деседі. Бұл әдіс бізде күдікті тудырады, себебі біз қандай пәнді оқып жатқанымыздан әбден алшақтауымыз ықтимал. Осы бағдарламаны әзірлеуші авторлар шиыршықтық оқыту әдісі ол, белсенді түрде жүзеге асырылуы тиіс дейді және ол коллабациялық ортада дифференсациялық оқыту арқылы оқыту үрдісінде пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану міндетті болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Козырева А.М. «Страноведение: учеб. Пособие» / Ярославль: ЯрГУ, – 2012. – 112 с;
- 2 Машбиц Я.Г. «Основы страноведения» / М.: Просвещение, – 1999. – 268 с;
- 3 Мироненко Н.С. «Страноведение. Теория и методы Учебное пособие для вузов» / М.: Аспект Пресс, – 2001, – 268 с;
- 4 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы / Астана, – 2017 ж;
- 5 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы / Астана, – 2017 ж;
- 6 Егорина А., Нүркенова С., Шиминова Е. «География жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған оқулық» / Алматы, – 2017, – 224 б;
- 7 Әбілмәжінова С., Каймулдинова К. «География жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған оқулық», – 2018, – 256 б;
- 8 Усиков В., Егорина А., Усикова А., Забенова Г. «Қазақстан географиясы» / Алматы, – 2019, – 256 б;
- 9 Каймулдинова К., Әбілмәжінова С. «География жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10 сыныбына арналған оқулық» / Алматы, – 2019, – 288 б;
- 10 Каймулдинова К., Абдиманапов Б., Әбілмәжінова С. «География жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11 сыныбына арналған оқулық» / Алматы, – 2020, – 288 б;
- 11 Мазбаев О.Б., Алиева Л.Н., Демеуов А.Б. «Проблемные вопросы географического образования в Казахстане».

ЕСЕМБЕК С.Ә., СЕРГЕЕВА А.М.,

ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СТРАНОВЕДЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ОТ ТЕОРИИ К ПРАКТИКЕ

Страноведческие знания в школьной географии переживают период совершенствования. В учебной программе курс «Страноведение» не преподается как отдельный предмет, так как это отрасль географических наук, но преподается как раздел в среднем звене (7-9 классы) и старших классах (10-11). Страноведение рассматривается как раздел географической науки, используемый для комплексного описания любой страны. В основу методических пособий по страноведению положены труды таких ученых, как И.М. Маергойз, Ю.Г. Машбиц, Н.С. Мироненко. Страноведение можно рассматривать как раздел интегрированной географии, так как оно совмещено с гуманитарными, социальными, экономическими и политическими науками. В статье рассматриваются способы внедрения современного страноведения в образовательную систему страны, преимущества и недостатки курса на основе опыта внедрения обновленной учебной программы.

Ключевые слова: *страноведение, учебная программа обновленного содержания, практика, спиральное обучение.*

YESSEMBEK S.A., SERGEEVA A.M.,

THE PROBLEMS OF IMPROVING COUNTRY STUDY EDUCATION: FROM THEORY TO PRACTICE

The knowledge about country study in school geography is going through a period of improvement. In the curriculum of the country «Country Study» is not taught as a separate subject, as it is a branch of geographical science, it is taught as a separate section in basic school (grades 7-9) and in high school (grades 10-11). Country study is considered as a branch of geographical science used in the complex description of any country. The basis of methodical manuals on country study is based on the works of such scientists as I.M. Maergoyz, Y.G. Mashbitz and N.S. Mironenko. Country study can be considered as a branch of integrated geography, as it is combined with the humanities, social, economic and political sciences. In this article says about the advantages and disadvantages of the introduction of modern country study in the educational process of the educational system of the country, based on experience with the introduction of the updated curriculum.

Key words: country study, updated curriculum, practice, spiral training.

ӘОЖ 796.799

Абилькадилов, Н.М.,

дене шынықтыру және спорт, 4 курс,

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ

Ибраева, Р.Ж.,

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ

Бекмухамбетова, Л.С.,

аға оқытушы, экономика ғылымдарының магистрі,

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,

Қостанай, Қазақстан

13-15 ЖАСТАҒЫ ЖАС ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Түйін

Әр ойыншы доп алғанда тез ғана ойланып ол допты ары қарай беруді және келесі допты қабылдауға дайын болуы керек. Бұндай жаттығулар жылдам ойын жасау үшін қажет. Футбол ойыны арқылы спорттың басқа түрлерінің өкілдеріне жалпы денелерінің шынығуына, дене қозғалысының дұрыс артуына және ұйымшылдық пен достық сияқты ерекше қасиеттерін тәрбиелеуге үлкен маңызы зор. Ойын барысында шығармашылық, жылдам және тез кездескен кез келген қиындықты шешу керек. Футболшылар әр түрлі тактикалық және техникалық қимылдар жасағанда, өзінің көз қарсыластарын күтпеген жерде және ойын жағдайын өзгертетін болуы қажет.

13-15 жастағы футболшылардың доппен және допсыз әр-түрлі қимылдарды жасаған іс-әрекеттерді дұрыс орындау қабілет-терін анықтау мақсатында құрылған әдістеме. Сонымен қатар бұл жұмыс футболшылардың техникалық және тактикалық іс-әрекет-терінің тиімділігімен физиологиялық және психологиялық ерекшелік-терін анықтауға бағытталған.

Кілт сөздер: техникалық шеберлігін жетілдіру, жас футболшылар, жаттығулар, тактикалық іс-әрекеттер, әдістеме.

1. Кіріспе

Ойыншылар жаттығу жарысында өзінің шамасына қарай жасау емес, оған да жоғары жасауға тырысуға үйренген болуы керек. Әр ойыншы доп алғанда тез ғана ойланып ол допты ары қарай беруді және келесі допты қабылдауға дайын болуы керек. Бұндай жаттығулар